

Атырау облысы
Құрманғазы ауданы
М.Әуезов атындағы орта мектебі

Амангельдиева Саяжан
5“Б”-сынып оқушысы

Ғылыми жобаның тақырыбы:

**Мағжан Жұмабаевтың "Мен
жастарға сенемін" өлеңінің
тәрбиелік мәні**

Аннотация

Мақсаты:

Мағжанның жыры арқылы қазақ жастарының рух жігерін, қайраттылығын дәлелдеу.

Жастардың қазіргі замандағы бейнесін анықтап, оның осы замандағы атқаратын рөлін зерттей отырып, жастарымыздың қазіргі тәрбиелілігі жоғары деңгейде екенін дәлелдеу.



Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Мағжан Жұмабаевтың “Мен жастарға сенемін” өлеңінің тәрбиелігін талдау;
- Жастар туралы жазылған Мағжан өлеңінің ерекшелігін анықтау;
- Қазіргі жастардың бойындағы күш, жігер қасиеттерді сипаттау.
- Жиналған материалдарды бір жүйеге келтіру;

Зерттеу жұмысының өзектілігі:

Қазақтың аса дарынды ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевтың жастарға арналған өлеңдері де біршама. Ақынның «Мен жастарға сенемін» өлеңінде нағыз қазақ жастарының қандай болу керектігін, түр - тұлғасын айқын суреттегені байқалады. Сондықтан Мағжанның «Мен жастарға сенемін» өлеңін оқи отыра, жастарымыздың басты қасиеттерін саралауды жөн көрдім.

Проблемасы:

Жастардың бойындағы сенімсіздік.
Бірте-бірте адами қасиеттерінің
көрінбей, сирек кездесе
бастағандығы. Өз еліне деген
құрметтің жоғала бастауы.



Зерттеу жұмысының болжамы:

Егер біз Мағжан Жұмабаевтың “Мен жастарға сенемін ” атты өлеңін насихаттап, жастардың рух, жігерін көтеріп, әр тілге аударып қазақ ұл-қыздарының болмыс бітімін өзге елдерге де паш етіп, қазақ жастарының бойындағы қасиеттерін биік қоя отырып, қазақ жастарының өз еліне деген сүйіспеншілігіне , елінің үмітін ақтауға жетелеуге жол ашар едік.

Зерттеудің әдісі-тәсілдері:

Берілген материалдарды жинақтап, топтап, бір-бірімен салыстыру арқылы өзіндік ой топшылау

I Кіріспе

1.1.Мағжан - сыршыл, толғағыш, суретші, сөз ұстасы.

II Негізгі бөлім

2.1. Мағжан Жұмабаевтың “Мен жастарға сенемін” өлеңінің тәрбиелік мәнін талдау

2.2. Қазіргі жастардың бойындағы күш-жігер қасиеттерін сипаттау,талдау.

III Қорытынды бөлім

3.1. Мағжан поэзиясы - қазақ ұлтының мұрасы.

I Кіріспе

Мағжан Жұмабаев - қазақтың аса дарынды ақиық ақыны. Мағжан Жұмабаев поэзия әлеміндегі қайталанбас жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс.

II Негізгі бөлім

2.1. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңінің тәрбиелік мәнін талдау.

Ақын өзін немесе өзінің лирикалық кейіпкерін ғана емес, айналасындағы жастарды да «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» қалыпта көргісі келеді. Халқының болашағы үшін күресетін негізгі күш-жастар. Олай болса, өмір бойы «алаш» ұранын көтеріп кеткен Мағжан үшін жастардың тәрбиесінің, қайраттылығының орны бөлек. Өз өлеңінде ол жастарға үлкен үмітпен қарайды. Жастардың бойынан қыранның қанатындай күштілікті, таза жүрек пен ер мінезді, туған жерге деген шексіз махаббатты көреді. Соған мақтанады. Шабыттана жырлайды. «Мен жастарға сенемін» деп асқақтай сөйлейді.

Бірақ біз жастар осы ақын ойын ақтап жүрміз ба? - деген сұрақ көкейде тұрады. Өлеңдегі қайраттылық, рух-жігер, табандылық, әділеттілік, бәрі-бәрі тәрбиеден бастау алады. Тәрбиелілікті көрсетеді. Әрине, ондай тәрбиені біз басты ата-анадан, ортамыздан және осы өлеңнен аламыз.

Жастар- ел болашағы.

Жастар жалын жүректі, өршіл
намысты ,биік рухты болса, ол елдің
еңсесі биік болады

Н.Ә.Назарбаев





III қорытынды

Мағжан поэзиясы - қазақ ұлтының мұрасы.
Қазақ поэзия әлемінде айырықша із қалдырған,
өзіндік үлкен өнер, ұшқыр қиялға толы өлең
дүниесін кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған
ақын - Мағжан Жұмабаев.

ҰСЫНЫС

1.Ақын үмітін ақтайтын жастарымыз көбейе берсін;

2.Мағжанның бұл өлеңіне әр түрлі интеллектуалды ойындар,сайыс-талдаулар түріндегі шаралар мектепте өткізіліп,мән-мағынасын жастар ұғына оқып жүретін болса екен деп ұсыныс етемін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Аңыз адам» № 1 саны 2012ж
2. Қазақ әдебиеті 8-сынып.
«Мектеп» баспасы.2012ж
3. Мағжан Жұмабаев «Сүй жан сәулем» Атамұра
4. Егемен Қазақстан №43 2014ж
5. Президент және Халық №50, 2013ж